- 10) Банктің Банкке тиесілі барлық активтерінің жиырма бес (халықтық акционерлік қоғамда – 10) және одан көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлға құруға немесе оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) Банктің күрделі мәмілелер мен мүдделі мәмілелер жасауы туралы шешімдерді бекіту;
- 12) Банк міндеттемелерін Банктің меншік капиталының жиырма бес (халықтық акционерлік қоғамда – 10) және одан көп пайызын құрайтын сомаға арттыру туралы шешім қабылдау;

- 13) Банктің Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын анықтау және мұндай ақпаратты баспасөз бетінде жариялау туралы шешім қабылдау;
- 14) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңына сәйкес Банк акцияларын сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
- 15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 16) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін, соның ішінде мұндай тәртіп Жарғыда белгіленбеген жағдайда баспасөз құралын анықтау,
- 17) “алтын акцияны” енгізу және оның күшін жою;
- 18) Акционерлік қоғамдар туралы заң мен Жарғы бойынша шешімін тек қана акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын басқа мәселелер.

Акционерлердің жалпы жиналысының 1)-3) тармақшаларда көрсетілген мәселелер жөніндегі шешімдері Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

### ***Директорлар Кеңесі***

Директорлар Кеңесі –Банктің Банк Жарғысы бойынша тек қана акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді шешуден басқа қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыратын орган. Директорлар Кеңесінің мүшелерін акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды. Директорлар Кеңесі кемінде бес мүшеден тұрады. Директорлар Кеңесі мүшелерінің кемінде 30 пайызы тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар Кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

### ***Тек қана Директорлар Кеңесінің құзырына жататын мәселелер***

Шешімдер Директорлар Кеңесінің қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен төмендегі мәселелер бойынша қабылданады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Банк акцияларын орналастыру және оларды жарияланған акциялар саны шектерінде орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің орналастырған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) есепті қаржылық жылда төленетін дивидендтерден басқа, қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін белгілеу;
- 7) Банк облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;
- 8) Басқарманың сандық құрамын, уәкілет мерзімін белгілеу, оның жетекшісі мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 10) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін белгілеу;
- 11) Бағалаушы тұлға мен аудиторлық ұйымның қызмет көрсетулеріне төленетін ақы мөлшерін анықтау;
- 12) Банктің резервтік қаражатын пайдалану тәртібін белгілеу;
- 13) Банктің ішкі қызметін реттейтін (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттардан басқа) құжаттарды бекіту;
- 14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы қағидаларды бекіту;

- 15) Банктің басқа ұйымдарды құру және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Банктің міндеттемелерін оның меншік капиталының он және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;
- 17) Банктің бұрынғы тіркеушісімен жасалған шарт бұзылған жағдайда жаңа тіркеушіні таңдау;
- 18) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты белгілеу;
- 19) Күрделі мәмілелер мен мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;
- 20) Банкоперацияларын жүргізудің жалпы шарттарын, ішкі несие саясатын, бухгалтерлік есеп саясатын анықтайтын нормативтік құжаттарды бекіту;
- 21) Банк кепілге қабылдау барысында орналастырған бағалы қағаздарды кепілге беру туралы шартты мақұлдау;
- 22) Акционерлік қоғамдар туралы заңмен Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатпайтын басқа мәселелер.

### ***Басқарма***

Басқарма Банктің ағымдағы қызметін басқарады және Банк акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындайды. Басқармаға Банктің акционерлері мен акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері мүше бола алады.

### ***Басқарманың құзырындағы мәселелер***

Басқарма төмендегі мәселелер бойынша өз бетінше шешім қабылдайды:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастыру;
- 2) несиеге, есеп айырысуға, қолма-қол ақшамен жасалатын операцияларға, ақша мен құндылықтарды жауапты сақтауға, бухгалтерлік кітаптар мен есеп құжаттарын жүргізуге, бағалы қағаздарға, клиенттердің мүдделерін қорғауға қатысты мәселелерге және банк қызметіне байланысты басқа да мәселелерге бақылау жасау;
- 3) Банктің жылдық есептерін, сондай-ақ баланстық есептерін дайындау;
- 4) Жарғы және Филиалдар, өкілдіктер туралы қағиданың жобаларын дайындау;
- 5) Банктің бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, атқаратын қызметтері мен уәкілеттерін; құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін; Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Банктің атынан және есебінен мәмілелер жасаған кездегі уәкілеттерін анықтайтын Банктің ішкі ережелерін бекіту;
- 6) Кадрларды іріктеу, тағайындау, дайындау және қайта дайындықтан өткізу туралы мәселелерді шешу;
- 7) Банктің басшы және басқа қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру шарттарын белгілеу;
- 8) Банк филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын тағайындау және қызметінен босату;
- 9) Жарғыда және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген басқа қызметтерді атқару

### ***Басқарма Төрағасының уәкілеттері***

- 1) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан сенімхатсыз жұмыс істейді;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан жұмыс істеуге сенімхат береді;
- 3) Банк қызметкерлерін (Басқармаға мүше - қызметкерлерден басқа) жұмысқа қабылдайды, жұмыс орнын ауыстырады, жұмыстан босатады, оларға марапаттау мен тәртіптік жаза шараларын қолданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жеке үстеме ақыларының мөлшерін белгілейді, Банктің Басқарма құрамындағы қызметкерлерден басқа қызметкерлеріне және Банктің ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне төленетін сыйақы мөлшерін белгілейді;

- 4) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 5) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ олардың уәкілеттері мен жауапкершілікаясын бөледі;
- 6) Банктің басқа органдарының құзырына жатқызылған мәселелерден басқа уәкілеттерді жүзеге асырады.

#### **14. Эмитенттің Директорлар Кеңесінің мүшелері**

(2004 жылғы 01 шілдедегі жағдайы бойынша)

<i>Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні, туған жылы</i>	<i>Қазіргі уақытта атқаратын және соңғы үш жыл ішінде атқарған қызметі</i>	<i>Қоғамның жарғылық қаражатындағы үлесі, (в %)</i>	<i>Ениілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық қаражатындағы үлесі, (в %)</i>
Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы, 1958 ж.т.	1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасы, 1991 жылдан бастап «Атамекен» Қаржылық-өндірістік тобы» ЖШС-нің Президенті	0,04	Жоқ
Ли Владислав Сединович, 1957 ж.т.	1998 жылдан бастап Банк Басқармасының Төрағасы, 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі	0,03	3,75
Молдағалиев Қуаныш Жұбанұлы,	1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі 1999 жылдан бастап «ILM ЛТД» ЖШС Директоры	Жоқ	Жоқ
Қонаев Мирғали Сапарғалиұлы, 1957 ж.т.	2003 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі. 2002 жылдан бастап «Қазморгеофизика» ЖАҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы.	Жоқ	Жоқ
Терещенко Сергей Александрович, 1951 ж.т.	1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі 1994 жылдан бастап «Интеграция» Халықаралық қоры» ААҚ Басқарма Төрағасы	0,7	Жоқ
Аманқұлов Жұмагелді Рахышұлы,	2003 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі. 2001 жылдан 2002 жылға дейін “Балхаш” МРК АВС ААҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары. 2002 жылдан бастап «БанкЦентрКредит» АҚ Директорлар Кеңесі Төрағасының Кеңесшісі.	0,01	3,75
Шәріпов Ерлік Сабдықұлы,	1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі. 1991 жылдан бастап «Бель ЛТД» өндірістік фирмасының Бас директоры. Өзіргі уақытта «Кэмм» ЖШС Президенті	0,3	Жоқ
Чукубаев Самат Салихович, 1953 ж.т.	2003 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі. 2001 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Сырымбет» ЖШС Бас директоры.	0,2	Жоқ



Директорлар Кеңесінің мүшелері 2003 жылы 11 сәуірде болған Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланды. Директорлар Кеңесінің бұрынғы құрамы: Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы, Ли Владислав Сединович, Молдағалиев Қуаныш Жұбанұлы, Сарқытбаев Марат Қарабекұлы, Терещенко Сергей Александрович, Насенов Асқар Болатбекұлы, Шәріпов Ерлік Сабдықұлы.

### **15. Эмитенттің атқарушы органы**

(2004 жылғы 01 шілдедегі жағдайы бойынша)

<i>Атқарушы орган мүшелерінің аты-жөні, туған жылы</i>	<i>Қазіргі уақытта атқаратын және соңғы үш жыл ішінде атқарған қызметтері</i>	<i>Қоғамның жарғылық қаражатындағы үлесі, (%)</i>	<i>Ениілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық қаражатындағы үлесі, (%)</i>
Ли Владислав Сединович, 1957 ж.т.	1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банк Басқармасының Төрағасы.	0,03	3,75
Аділханов Бұлан Әділханұлы, 1958 ж.т.	1995 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Басқарма Төрағасының Орынбасары - Әкімшілік департаментінің Директоры.	0,02	3,75
Әлжанов Мақсат Қабыкеноұлы, 1962 ж.т.	1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Басқарма Төрағасының Орынбасары – Несие беру департаментінің Директоры.	0,03	3,75
Рахымбаев Медет Избасарұлы, 1963 ж.т.	1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Басқарма Төрағасының Орынбасары – Бизнесі дамыту департаментінің Директоры.	0,02	3,75
Ердесов Мағаз Нұрсұлтанұлы, 1957 ж.т.	2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Банктің Басқарма Төрағасының Орынбасары – Қаржы департаментінің Директоры.	0,01	3,75

### **17. Эмитенттің Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, атқарушы орган мүшелеріне және басқа басшы тұлғаларына төленетін сыйақы**

(2004 жылғы 01 шілдедегі жағдайы бойынша) мың теңгемен

<i>Аты-жөні</i>	<i>Соңғы есеп жыл ішіндегі сыйақысының жалпы мөлшері</i>	<i>Соңғы үш ай ішіндегі сыйақысының жалпы мөлшері</i>	<i>Келесі он екі ай ішінде төленуге тиісті сыйақының жоспарлы жалпы мөлшері</i>
<i>Директорлар Кеңесі</i>	25 920	8 424	36 504
<i>Атқарушы орган:</i>	25 920	8 424	36 504

### **18. Эмитенттің ұйымдық құрылымы**

2004 жылы 1 қаңтарға қарай Банктің бүкіл жүйе бойынша қызметкерлерінің жалпы саны 1 746 адамды, Бас офис қызметкерлерінің нақты саны 317 адамды құрады. 2004 жылы 01 қарашаға қарай жұмыскерлердің нақты саны 2003 құрады, соның ішінде 1 643-і – Банктің филиалдарында, 360-ы – Бас офисте.


Қазіргі уақытта “Банк ЦентрКредит” АҚ жүйелі құрылымды қаржы-несие мекемесі. Банк Бас офистен, 19 филиал мен 98 есеп айырысу-касса бөлімдерінен тұрады. Ең ірі және стратегиялық маңызы зор филиал - Алматы қалалық филиалы. Филиалдың құрамында клиенттер үшін қаланың ыңғайлы әрі жақын жерлерінд орналасқан 29 есеп айырысу-касса бөлімі жұмыс істейді.

Бас офистің құрамында тоғыз департамент бар: Қазынашылық департаменті, Талдау және тәуекелдіктерді басқару департаменті, Несие тәуекелдіктері департаменті, Шағын және орта бизнесті несиелеудепартаменті, Әкімшілік департаменті, Қаржы департаменті, Бизнесі дамыту департаменті, Корпоративтік қаржы департаменті, Төлем жүйелері департаменті. Сонымен қатар банкте Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.

**01.01.2004 қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде тіркелген «БанкЦентрКредит» АҚ филиалдарының тізімі**

№ рн	"Банк ЦентрКредит" АҚ филиалдары	Филиалдардың мекен-жайы	Басшы
1	2	3	4
1	Алматы қалалық филиалы	480012, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 156	Нұғманов Мәлік Қайыржанұлы
2	Астана қаласындағы филиалы	473000, Астана қ., Бараев көшесі, 9/1	Мырзабеков Шаттықберген Жұмаділдаұлы
3	Көкшетау қаласындағы филиалы	475000, Ақмола обл., Көкшетау қ., Әуезов көшесі, 210	Сағындықова Қарлығаш Бекежанқызы
4	Ақтау қаласындағы филиалы	466200, Маңғыстау обл., Ақтау қ., 12-ықшамаудан, 12а-үй.	Қасенова Сәуле Әкімбекқызы
5	Ақтөбе қаласындағы филиалы	463000, Ақтөбе обл., Ақтөбе қ., 101 Стрелковая Бригада көшесі, 2	Қазкеев Нұрстан Тәжібайұлы
6	Атырау қаласындағы филиалы	465021, Атырау обл., Атырау қ., Азаттық даңғылы, 24-а	Есентүгелов Жомарт Аққазыұлы
7	Қарағанды қаласындағы филиалы	470060, Қарағанды обл., Қарағанды қ., Әлиханов көшесі, 5	Сыздықова Роза Айсайқызы
8	Жезқазған қаласындағы филиалы	477000, Қарағанды обл., Жезқазған қ., Мир көшесі, 26-а	Мусин Рақыш Шахмұратқызы
9	Қостанай қаласындағы филиалы	458018, Қостанай обл., Қостанай қ., Урожайная көшесі, 16	Закарина Нұрсұлу Нұртасқызы
10	Рудный қаласындағы филиал	459120, Қостанай обл., Рудный қаласы, Горький көшесі, 62	Мұратбаев Ғани Қайыпбергенұлы
11	Қызылорда қаласындағы филиалы	467019, Қызылорда обл., Қызылорда қ., Токмағамбетов көшесі, 46	Абдуллаев Төрехан Бекмаханұлы
12	Павлодар қаласындағы филиалы	637000, Павлодар обл., Павлодар қ., Академик Сәтпаев көшесі, 156/1	Жуаспаев Болат Токтасынұлы
13	Петропавл қаласындағы филиалы	642015, Солтүстік Қазақстан обл., Петропавл қ., Конституция көшесі, 28	Федоров Александр Николайұлы
14	Өскемен қаласындағы филиалы	432019, Шығыс Қазақстан обл., Өскемен қ., Карл Либкнехт көшесі, 17	Меңкенов Мүддәріс Меңкеұлы
15	Семей қаласындағы филиалы	490050, Шығыс Қазақстан обл., Семей қ., Ленин көшесі, 22	Исмаилов Болат Исмаилұлы
16	Тараз қаласындағы филиалы	484039, Жамбыл обл., Тараз қ., Қазыбек би көшесі, 182	Нұрмағанбетов Амантай Қадырғалиұлы
17	Талдықорған қаласындағы филиалы	488031, Алматы обл., Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 22-а	Василенко Луиза Гельмутқызы
18	Орал қаласындағы филиалы	417000, Батыс Қазақстан обл., Орал қ., Ленин көшесі, 184/1	Сүндетқалиева Жібек Ғазезқызы
19	Шымкент қаласындағы филиалы	486050, Оңтүстік Қазақстан обл., Шымкент қ., Түркістан көшесі, 65	Кузьменко Наталья Николайқызы

Банктің ұйымдық құрылымы схема түрінде төменде көрсетілген



### III. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) мен ерекше байланыстағы тұлғалары

2004 жылғы 1 қаңтарға қарай Банктің 1 159 акционері, соның ішінде 848 жеке тұлға тіркелген.  
2004 жылғы 1 қарашаға қарай Банктің 817 акционері, соның ішінде 505 жеке тұлға тіркелген.

#### 19. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)

##### 1) Эмитент акцияларының 10 және одан көп %-на, халықтық қоғамдар үшін 5 және одан көп %-на ие эмитент акционерлерінің тізімі

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай)

Акционерлердің толық және қысқаша атауы	Орналасқан жері	Акция саны (дана)	Акционерлердің жарғылық капиталдағы үлесі, (%)
«Валют – Транзит Қоры» Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры Акционерлік қоғамы «Валют – Транзит Қоры» МЕЖЗҚ АҚ	Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 103а	2 610 880	7,39%
«Қазкоммерцинвест» Акционерлік қоғамы АО «Қазкоммерцинвест» (номиналды ұстаушы)	Алматы қ., Горная к., 500	2 198 356	6,22%
«Сенім» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры Акционерлік қоғамы «Сенім» АЖЗҚ АҚ	Алматы қ., Қонаев к., 56	2 139 500	6,06%
Dorra LLC	828 Lane Road Snite 219 Lexington KY 40504 USA	2 043 500	5,79%
Canterbury Valley Ltd	New Zeland Christchurch 71A Clifton Terrace	2 028 411	5,74%
«Интерэкспорт» Акционерлік қоғамы «Интерэкспорт» АҚ	Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 565-7	1 890 795	5,35%
<b>Барлығы</b>		<b>12 911 442</b>	<b>36,55%</b>

##### 2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) емес, бірақ эмитенттің қызметіне басқа ұйымдар арқылы бақылау жасауға құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер.

Банктің акционерлері/қатысушылары емес, бірақ оның қызметіне басқа ұйымдар арқылы бақылау жасауға құқығы бар тұлғалар жоқ.

#### 20. Эмитент акцияларының (үлестерінің) 10 және одан көп %-не ие ұйымдар туралы мәліметтер

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай)

Заңды ұйымның толық атауы	Орналасқан орны	Қоғамның заңды ұйым капиталына қатысу үлесі (%-да)	Қызмет түрі	Бірінші басшысы туралы мәлімет
"KIB ASSET MANAGEMENT" Акционерлік қоғамы	Алматы қ., Сейфуллина к-сі, 597	100,00	Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет	Басқарма Төрағасы Кышпанакөв В.А.
«Центр Лизинг» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алматы қ., Төле би к-сі, 143а	100,00	Қаржы лизингі	Директоры Ли В.С.
«Капитал» Жинақтаушы зейнетақы қоры” Акционерлік қоғамы	Алматы қ., Төле би к-сі, 143а	75,00	Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жасау	Президенті Мейіржанов С.С.
"Қазақстанның Қаржыгерлер	Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 61	16,6	Республикамыздың қаржы жүйесін	Директорлар Кеңесінің

Қауымдастығы" Заңды тұлғалар Бірлестігі			дамытуға атсалысу	Төрағасы Аханов С.А.
“Халықтық зейнетақы қоры” Жинақтаушы емес зейнетақы қоры” Акционерлік қоғамы	Алматы қ., ул. Төле би, 179а/22	12,47	Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жасау	Президенті Қолдасов Е.С.

**21. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар туралы, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.**

"Банк ЦентрКредит" АҚ - «Қазақстан Қор Биржасы» ЖАҚ-ның, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» ЖАҚ, "Қазақстанның Қаржыгерлер Қауымдастығы" ЗТБ, Қазақстан Республикасы Банктерінің Қауымдастығының мүшесі, «Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қорына» қатысушы (№ 0002 куәлік). Сонымен қатар "Банк ЦентрКредит" АҚ - Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногындағы (?) Қазақстанның Қаржы министрлігінің алғашқы (?) дилері және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алғашқы (?) агенті. "Банк ЦентрКредит" АҚ Орта Азия мен Қазақстан бойынша жеке тұлғалар үшін ақша аудару жөнінен халықаралық Western Union корпорациясының бірінші ресми өкілі ретінде қызмет атқарады. "Банк ЦентрКредит" АҚ - ШығысЕуропалық Факторинг Қауымдастығының құрылтайшыларының бірі және Visa International төлем жүйесінің қауымдасқан мүшесі.

**22. Эмитентпен ерекше байланыстағы басқа тұлғалар туралы мәліметтер**

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай)

<i>Заңды ұйымның толық атауы</i>	<i>Орналасқан орны</i>	<i>Қызмет түрі</i>	<i>Бірінші басшысы туралы мәлімет</i>
«Барыс» ЖШС	Алматы қ., Қазыбек би к-сі, 81	Негізінен кәсіпорындарға қызмет көрсету	Директоры Омарбеков Асқар Құмарбекұлы
«Барыс-Трейд» ЖШС	Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 85	Көтерме сауда	Директоры Жабагинов Әділбек Сүйіндіқұлы
Интеграция АФ ИК ЖШС	Алматы қ., Абылай Хан даңғылы, 77	Көтерме сауда	Директоры Бацула Александр Ефимұлы
Интеграция-Нан ЖШС	Алматы, Абылай Хан, 77	А/ш, аңшылық және соған байланысты қызмет көрсету	Директоры Кинасов Георгий Аванесұлы
Дасу ААҚ	Алматы, Мате Залки, 76	Бөлшек сауда	Президенті Никитин Константин Алексейұлы
«Интеграция» МФ ААҚ	Алматы қ., Абылай Хан, 77	Алыс және жақын шетелмен сәйкес келетін экономикалық, саяси, құқықтық институттар құрудың тұжырымдамаларын жасау	Директоры Терещенко Сергей Александрұлы
Барыс-EXCHANGE ЖШС	Алматы, Әйтеке би , 85	Қаржылық қызмет	Директоры Попов Виктор Михаилұлы
Барыс-Ломбард ЖШС	Алматы, Әйтеке би , 85	Қаржылық қызмет	Директоры Шалбаева Ұлбала Үсенқызы
«АИТ» БК ЖШС	Алматы қ., Рысқұлов көшесі, 119	Сауда-делдалдық қызмет, а/ш өнімдерін өндіру, тұрғындарға делдалдық қызмет көрсету	Президенті Ахматов Салам Нажмудинұлы
«Интеграция Целина»	Астана қ., Софиев тас	а/ш, аңшылық және	Директоры Шишковский

фирмасы ЖШС	жолы, 10	соған байланысты қызмет көрсету	Григорий Анотонұлы
«Атамекен» ӨҚТ ЖШС	Алматы қ., Бөгенбай Батыр к-сі, 248	Сыртқы және ішкі сауда, маркетингтік зерттеулер, коммерциялық қызмет, қаржы мәселелері жөнінен кеңес беру	Басқарма Төрағасы Нұржанов Ерлік Қолдарұлы
«МСК» АҚ	Алматы облысы Қарасай ауданы Рахат пос. Институтская к.,6	Сақтандыру қызметі	Басқарма Төрағасы Әлжанов Жарқын Қабыкенұлы
«Целина АГРО» ЖШС	Ақмола облысы Егіндікөл ауданы Егіндікөл ауылы	Ауыл шаруашылығы, аңшылық және байланысты қызмет көрсету	Директоры Кулагин Валерий Виталийұлы

### **23. Ерекше байланыстағы тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін операциялар**

2003 жылдың ішінде ерекше байланыстағы тұлғалардың қатысуымен төмендегі операциялар жүзеге асырылып, Банк акционерлерінің 2004 жылғы 02 сәуірдегі жылдық жалпы жиналысында бекітілді:

1.1. Байланысы бар төмендегі компаниялар мен жеке тұлғаларға кредит және кепілдік беру жөнінде жасалған операциялар:

а) Банктің 100 пайыздық қатысуымен құрылған еншілес компаниясы - “Центр-Лизинг” ЖШС – жалпы сомасы 157,6 миллион теңгені құрайтын 10 мәміле;

б) "KIB ASSET MANAGEMENT" АҚ еншілес компаниясы – жалпы сомасы 303,2 миллион теңгені құрайтын 3 мәміле;

в) “НСК” ААҚ, мәміле жасалған сәтте Банк оның акцияларының 25 пайызын иеленген, – жалпы сомасы 28,4 миллион теңгені құрайтын 37 мәміле;

1.2. Байланысы бар тұлғаларға бағалы қағаздар кепілімен берілген қарыздар бойынша:

а) "KIB ASSET MANAGEMENT" АҚ – жалпы сомасы 207,6 миллион теңгені құрайтын 7 мәміле.

## **IV. Эмитент қызметінің сипаттамасы**

Қаржы ұйымдары толтырмайды.

## **V. Қаржылық жағдайы**

### **Активтері**

#### **31. Материалдық емес активтерінің түрлері**

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай)

Атауы	Баланстық құны 5 %-дан жоғары	Үлесі (%)
Бағдарламалық камсыздандыру	113 062	66,1%
Өз күшімен жасалған бағдарламалық құралдар	57 865	33,9%
<b>Барлық материалдық емес активтер</b>	<b>170 927</b>	<b>100</b>

#### **32. Негізгі құрал-жабдық түрлері**

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай)

Атауы	Баланстық құны 5 %-дан жоғары	Үлесі (%)
Жер, ғимараттар және құрылғылар	493 766	23,00%
Компьютерлік жабдықтар	545 504	25,41%
Көлік құралдары	144 163	6,71%
Басқа негізгі құрал-жабдық	925 510	43,10%

Барлық негізгі құрал-жабдық	2 147 208	100
-----------------------------	-----------	-----

### 33. Инвестициялар

мың теңге

Атауы	01.11. 2004	2003	2002
Басқа заңды ұйымдардың капиталына жасалған тікелей инвестициялар	834 998	466 119	496 703
Ұзақ мерзімді инвестициялар	0	0	0
Бағалы қағаздар портфелі:	26 114 672	9 979 329	4 721 263
- мемлекеттік бағалы қағаздар	19 552 268	5 869 270	2 935 509
- мемлекеттік емес бағалы қағаздар	6 562 404	4 110 059	1 979 754
- басқалар			194 000
<b>Барлық инвестиция</b>	<b>26 949 670</b>	<b>10 445 448</b>	<b>5 411 966</b>

### 34. Дебиторлық қарыз

#### Дебиторлық қарыздың құрылымы

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай)

Баптың атауы	Сомасы (мың теңгемен)
Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп айырысу	93 907
Жұмыскерлермен есеп айырысу	21 718
Құжаттық есеп айырысу бойынша дебиторлар	6 285
Күрделі қаржыландыру бойынша дебиторлар	965 793
Банк қызметі бойынша басқа дебиторлар	273 775
Банктік емес қызмет бойынша басқа дебиторлар	331 874
Басқа транзиттік шоттар	332 315
Банктік қызметке байланысты дебиторлық қарыз бойынша шығындарды өтеуге арналған арнайы резервтер (провизиялар)	-49
Банктік емес қызметке байланысты дебиторлық қарыз бойынша шығындарды өтеуге арналған арнайы резервтер (провизиялар)	- 343
<b>Барлығы</b>	<b>2 025 275</b>

Эмитент алдында жалпы дебиторлық қарыз сомасының 5 және одан көп %-ы мөлшерінде дебиторлық қарызы бар дебиторлардың тізімі

2004 жылдың 01 қарашасына қарай мұндай дебиторлар жоқ.

#### Кредит портфелі

#### Кредит портфелінің сапасы (брутто)

	01-11-2004	2003
<i>Несиелік борыш</i>		
1. Стандарттық	70 862 806	37 098 177
2. Күдікті	27 848 770	15 783 651
1) 1-дәрежелі күдікті	17 823 911	10 280 429
2) 2-дәрежелі күдікті	1 893 097	803 333
3) 3-дәрежелі күдікті	5 493 082	4 239 521
4) 4-дәрежелі күдікті	2 402 318	352 467
5) 5-дәрежелі күдікті	236 362	107 901
3. Үмітсіз	834 060	550 384
<b>Барлығы</b>	<b>99 545 636</b>	<b>53 432 212</b>
<i>Құралған провизиялар сомасы</i>		
1. Стандарттық	99 792	0
2. Күдікті	2 897 887	1 584 345

1) 1-дәрежелі күдікті	891 196	514 024
2) 2-дәрежелі күдікті	189 310	80 339
3) 3-дәрежелі күдікті	1 098 616	847 904
4) 4-дәрежелі күдікті	600 582	88 117
5) 5-дәрежелі күдікті	118 183	53 961
3. Үмітсіз	834 060	550 384
<b>Барлығы</b>	<b>3 831 739</b>	<b>2 134 729</b>

**«Банк ЦентрКредит» АҚ-ның экономика салалары бойынша  
несие портфелінің құрылымы (брутто)**

мың теңге

Экономика саласы	01.11.2004		01.01.2004	
	сомасы	үлесі	сомасы	үлесі
Сауда	21 796 884	21,9%	13 894 445	26,0%
Жеке меншік сектор	15 941 236	16,0%	8 139 539	15,2%
Өңдеуші өнеркәсіп	4 228 186	4,2%	6 027 374	11,3%
Азық-түлік тауарлары өндірісі	10 675 798	10,7%	7 294 580	13,7%
Қымбат металдар мен алмаз өндіру және өңдеу	2 596 132	2,6%	3 651 934	6,8%
Тау-кен өнеркәсібінің басқа салалары	3 120 324	3,1%	0	0%
Құрылыс	6 964 246	7,0%	2 312 742	4,3%
Ауыл шаруашылығы	9 371 754	9,4%	2 522 695	4,7%
Мұнай-газ саласы	4 399 670	4,4%	1 323 016	2,5%
Жылжымайтын мүлік	3 111 741	3,1%	2 058 859	3,9%
Энергетика	153 211	0,2%	364 592	0,7%
Қаржылық қызмет көрсету	7 703 736	7,7%	201 932	0,4%
Көлік саласы	1 085 742	1,1%	1 544 507	2,9%
Бұқаралық ақпарат құралдары	474 353	0,5%	373 791	0,7%
түсті металлургия	328 971	0,3%	319 000	0,6%
Машина жасау	625 628	0,6%	73 437	0,1%
Ауыр өнеркәсіп	0	0,0%	0	0%
Басқа	6 968 024	7,0%	3 329 769	6,2%
<b>Барлық кредит</b>	<b>99 545 636</b>	<b>100%</b>	<b>53 432 212</b>	<b>100%</b>

"Банк ЦентрКредит" АҚ несие саясаты аясында клиенттердің тапсырмалары бойынша ағымдағы және ұзақ мерзімді операциялар бойынша кепілдіктердің барлық түрін шығарады.

**2004 жылдың 01 қарашасына қарай шығарылған 10 ірі кепілдіктер**

№	Клиенттің атауы	Кепілдік сомасы (мың теңгемен)	Әрекеті тоқтайтын мерзім	Басым салмағы
1	Mervenc Ltd	1 320 500	06.07.2006	14,02%
2	"Монтажспецстрой" компаниясы АҚ	1 108 206	22.02.2005	11,77%
3	"Монтажспецстрой" компаниясы АҚ	615 590	31.10.2007	6,54%
4	"VITA" АҚ	528 200	12.10.2010	5,61%
5	" "Атлас"компаниясы" ЖШС	278 566	01.08.2005	2,96%
6	Астық Трейд ЛТД ЖШС	276 777	30.12.2004	2,94%
7	"VITA" АҚ	224 485	12.10.2010	2,38%
8	MTG-Asia ЖШС	201 432	11.06.2005	2,14%
9	"Емир Ойл" ЖШС	198 075	14.11.2004	2,10%
10	Проммонтаж Кив ЖШС	196 746	01.11.2004	2,09%



## Жарғылық капитал

### 35. Эмитенттің төленген жарғылық капиталының мөлшері

2004 жылдың 1 қаңтарына қарай жарияланған (төленген) жарғылық капитал мөлшері 5 063 339 мың теңгені құрады. 2004 жылы 1 қарашаға қарай жарияланған (төленген) жарғылық капиталдың мөлшері 7 063 339 мың теңгені құрады.

## Міндеттемелері

### 36. Қарыздар

#### *Несие беру бағдарламалары*

	01.01.2004	01.11.2004
1. ШОБ –ті кредиттеу бағдарламалары (ЕҚДБ)	1 063 618	1 958 341
2. Алтын өндіру өнеркәсібін кредиттеу бағдарламасы (ҚР ҰБ)	196 769	30 204
3. ДБ кредиттеу бағдарламасы	161 330	55 190
4. АДБ бағдарламалық қарызы	142 177	13 016
5. ШОБ-ті кредиттеу жөнінен аймақтық бағдарламалар	344 791	1 663 830

мың теңге

## Кредиторлар

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай.)

Кредитордың атауы	Сомасы (мың теңге)	Өтем жасау кестесі						
		1 айға дейін.	1-3 айға дейін.	3-6 айға дейін	6 айдан 1 жылға дейін	1-3 жылға дейін	3-5 жылға дейін	5 жылдан жоғары
ҚР ҰБ	30 204					30 204		
Біріккен қарыз	11 620 400	4 753 800		924 350	5 942 250			
DEG	528 200						528 200	
FMO	565 880						565 880	
АДБ	13 017					13 017		
ХҚДБ	55 190		55 190					
ЕҚДБ/шоб	1 320 500					1 320 500		
ЕҚДБ (дәнді-дақылдық қолхат)	396 150				396 150			
ЕҚДБ I транш	199 395					199 395		
ЕҚДБ II транш	607 430					607 430		
ЕҚДБ III транш	394 829					394 829		
ЕҚДБ VIII транш	462 175					462 175		
American Express	1 386 525	66 025			1 320 500			
Bank California	66 025	66 025						
CitiBank	386 955	198 075		17 215	171 665			
NordBank	264 100	264 100						
Standartbank	1 254 475			198 075	1 056 400			
Қазақстанның HSBC Банкі	336 413		195 285	141 128				
DZ Bank AG	480 318		295 617	184 701				
Finans bank	432 464	221 184	211 280					

Bankgesellschaft	408 634				408 634			
Hypovereinse bank	330 125		330 125					
Bre Bank(Польша)	96 859			96 859				
GarantiBank International	144 667			144 667				
Bank of Montreal	264 100	264 100						
Natex Bank	396 150	396 150						
Interfinanz AG	257 497			257 497				
Merchant Bank	335 407		132 050	203 357				
ЕҚДБ	241 712				48 549	193 163		
Алматы қ. әкімшілігі	0							
Ақмола облыстық қаржы басқ.	0							
Жергілікті өкімет органдары	0							
ҚР Даму Банкі	0							
Эксимбанк	0							
Шетелдік банктердің аккредитивтері, қарыздары	2 476 621	93 250	855 342	356 035	27 628	1 144 366		
<b>Барлығы</b>	<b>25 752 417</b>	<b>6 322 709</b>	<b>2 074 889</b>	<b>2 523 884</b>	<b>9 371 776</b>	<b>4 365 079</b>	<b>1 094 080</b>	

### Банктің қолданыстағы несие тораптары

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай.)

Банктің несие торабының атауы	Өлішем бірлігі	Сомасы	Ставкасы	Алынған күні	Өтеу күні
ЕҚДБ	USD	1 510 000	6%	22.01.03	17.07.06
ЕҚДБ	USD	4 600 000	5,2%	26.06.06	25.12.06
ЕҚДБ	USD	2 990 000	6,1%	15.12.03	13.06.07
ЕҚДБ	USD	3 500 000	7,75%	30.05.02	28.11.05
ЕҚДБ	USD	5 000 000	5,42%	23.12.03	25.07.07
ЕҚДБ	USD	5 000 000	5,43%	24.02.04	25.07.07
АДБ	USD	98 571	7,3%	01.04.01	01.04.06
ХҚДБ	USD	417 951	1,42%	01.12.00	22.12.04
ЕҚДБ	USD	3 000 000	4,39%	16.09.04	30.06.05
ЕҚДБ	USD	1 830	5,7%	06.07.04	06.07.06

### Біріккен қарыз

(2004 жылдың 01 қарашасына қарай.)

Сомасы	Ставкасы	Келісімге қол қойған күн	Ақша түскен күн	Мерзімі
36 миллион АҚШ доллары	LIBOR + 2,55%	25.11.2003	28.11.2003	12 ай, 12 айға ұзартуға опцион
45 миллион АҚШ доллары	LIBOR + 2,4%	26.06.2004	29.06.2004	12 ай

**Банкаралық қарыздар**

мың теңге

Активтер (А) немесе міндеттемелер (М) баптары	За 2002 г.		За 2003 г.		01.11.2004	
	сомасы	А немесе М %-ы	сомасы	А немесе М %-ы	сомасы	А немесе М %-ы
<b>Банктерге берілетін қарыз бен қаражат</b>	<b>1 818 553</b>	<b>3,56</b>	<b>3 361 392</b>	<b>4,06%</b>	<b>3 256 365</b>	<b>2,27%</b>
теңгемен	977 850	1,91	1 400 000	1,69%	1 000 000	0,70%
валютамен	840 703	1,65	1 961 392	2,37%	2 256 365	1,57%
<b>Банктерден алынатын кредит пен қаражат</b>	<b>4 964 928</b>	<b>10,63</b>	<b>17 275 554</b>	<b>22,98%</b>	<b>24 511 282</b>	<b>18,56%</b>
теңгемен	525 053	1,13	887 793	1,18%	2 566 173	1,94%
валютамен	4 439 875	9,5	16 387 761	21,80%	21 945 109	16,62%

**37. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық қарызы**

**Кредиторлық қарыз құрылымы**

(2004 жылдың 01 шілдесіне қарай)

Қарыз аты	Сомасы (мың теңгемен)
Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп айырысу	54 923
Акционерлермен (дивидендтер бойынша) есеп айырысу	1 574
Жұмыскерлермен есеп айырысу	45 413
Құжатты есеп айырысу бойынша кредиторлар	2 960 954
Күрделі қаржыландыру бойынша кредиторлар	571
Мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы	182 403
Банктік қызмет бойынша басқа кредиторлар	444 351
Банктік емес қызмет бойынша кредиторлар	137 596
Басқа транзиттік шоттар	1 399 513
Шартты міндеттемелер бойынша шығындарды өтеуге арналған жалпы резервтер (провизиялар)	67 077
Шартты міндеттемелер бойынша шығындарды өтеуге арналған арнайы резервтер (провизиялар)	20 000
<b>Барлығы</b>	<b>5 314 375</b>

**Эмитент алдында жалпы кредиторлық қарызы сомасының 5 және одан көп % мөлшерінде қарызы бар кредиторлар тізімі**

2004 жылдың 01 қарашасына қарай мұндай кредиторлар жоқ.

**Клиенттердің депозиттері**

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР	01.11.2004		01.01.2004	
	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі
Депозит түрі				
Талап еткенге дейінгі	2 393 471	6,6%	1 453 986	6,78%
Мерзімді	33 313 577	91,7%	19 532 070	91,12%
Ағымдағы шоттар	628 798	1,7%	448 779	2,09%
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>30 562 723</b>	<b>100%</b>	<b>21 434 835</b>	<b>100%</b>
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР	01.11.2004		01.01.2004	
	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі
Депозит түрі				
Талап еткенге дейінгі	206 039	0,50%	80 049	0,31%
Мерзімді	19 993 311	52,10%	11 505 150	44,32%
Ағымдағы шоттар	18 174 257	47,40%	14 359 583	55,31%

<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>38 373 607</b>	<b>100%</b>	<b>25 961 511</b>	<b>100%</b>
----------------	-------------------	-------------	-------------------	-------------

## Қаржылық нәтижелер

### 38. Қаржылық нәтижелерді талдау

<i>Көрсетілген қызметтердің көлемі</i>	<i>01.11. 2004</i>	<i>2003</i>	<i>2002</i>
<b>Кредиттеу, барлығы</b>	<b>41 772 613</b>	<b>82 933 880</b>	<b>49 755 712</b>
<i>соның ішінде:</i>			
Банктерге	0	0	0
Заңды тұлғаларға (банктерден басқа)	32 905 619	64 763 453	39 570 788
Жеке тұлғаларға (тұрғындарға)	8 866 994	18 170 427	10 184 924
<b>Саудалық қаржыландыру, барлығы</b>	<b>11 051 009</b>	<b>15 287 657</b>	<b>10 640 108</b>
<i>соның ішінде:</i>			
Кепілдіктер	9 419 318	12 487 770	8 628 482
Аккредитивтер	1 631 691	2 799 887	2 011 626
<b>Есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, барлығы</b>	<b>1 443 302 761</b>	<b>1 076 752 417</b>	<b>808 934 853</b>
<i>соның ішінде:</i>			
Заңды тұлғалардың төлемдерін аудару	1 385 202 577	1 037 171 186	765 852 212
Жеке тұлғалардың ақша аударымдары	16 630 128	15 029 220	8 282 236
Ақша айырбастау жөнінен қызмет көрсету	41 470 056	24 552 011	34 800 405
Басқа			
<b>Брокерлік-дилерлік қызмет көрсетулер, барлығы</b>	<b>150 821 803</b>	<b>127 924 249</b>	<b>125 967 839</b>
<i>соның ішінде:</i>			
Клиенттердің тапсырмасы бойынша валюта сатып алу	68 239 769	46 270 117	40 603 142
Клиенттердің тапсырмасы бойынша валюта сату	79 112 730	77 884 467	74 649 050
Клиенттердің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздар сатып алу	2 379 522	2 080 847	5 646 803
Клиенттердің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздар сату	1 089 782	1 688 818	5 068 844
<b>Депозит тарту, барлығы</b>	<b>180 942 778</b>	<b>134 356 095</b>	<b>111 418 659</b>
<i>соның ішінде:</i>			
Банктерден	11 341 691	25 868 877	33 716 325
Заңды тұлғалардан (банктерден басқа)	47 927 582	37 702 686	19 558 948
Жеке тұлғалардан (тұрғындардан)	121 673 505	70 784 532	58 143 386
<b>Басқа қызмет көрсетулер</b>			

Банктің активтері 2003 жылы 61%-ға, 50,8 млрд. теңгеден 81,9 млрд. теңгеге дейін артты. 2004 жылдың 1 қарашасына қарай активтер 57,6 %-ға артып, 143,3 млрд. теңгені құрады.

### **“Банк ЦентрКредит” АҚ активтерінің табыстылық көрсеткіштері**

млн. тең

<i>Активтерінің атауы</i>	<i>01.11.2004</i>			<i>01.01.2004</i>			<i>01.01.2003</i>		
	<i>Орташа көлемі</i>	<i>% ставкасы</i>	<i>Табысы</i>	<i>Орташа көлемі</i>	<i>% ставкасы</i>	<i>Табысы</i>	<i>Орташа көлемі</i>	<i>% ставкасы</i>	<i>Табысы</i>
Кредит портфелі	70 972	15,4	9092	43 588	14,3	6 229	28 375	16,4	4 429

Банктерге салынған депозиттер мен кредиттер	12 943	1,7	185	6 967	1,6	114	3 265	3,6	82
Бағалы қағаздар	16 266	6,7	909	7 838	7,9	618	4 490	9,3	367
<b>Табыс әкелетін барлық активтер</b>	<b>100 181</b>	<b>12,2</b>	<b>10 186</b>	<b>58 393</b>	<b>11,9</b>	<b>6 961</b>	<b>36 130</b>	<b>13,5</b>	<b>4 878</b>

2004 жылдың 01 қарашасына қарай қолданыстағы активтер 100 млрд. теңгемен бағаланады, жыл басынан бергі өсім 71,6 % -ды немесе 41,8 млрд. теңгені құрайды. Несие портфелі жыл басынан бері 63%-ға өсіп, 2004 жылдың 01 қарашасына қарай 71 млрд. теңгеге жетті. Пайыздық кірістің негізгі бөлігін қарыздар бойынша клиенттерден алынған сыйақымен байланысты табыстар құрайды, 2003 жылы және 2004 жылдың 01 қарашасына қарай олардың үлесі 89 % деңгейінде сақталды.

Банктің қор нарығындағы белсенділігінің артуы 2004 жылдың 01 қарашасына қарай бағалы қағаздар бойынша 909 млн. теңге , немесе 2003 жылмен салыстырғанда 291 млн. теңгеге артық табысты қамтамасыз етті. 2004 жылдың 10 айы ішінде сыйақы алумен байланысты таза кіріс 10 186 млн. теңгені құрап, 2003 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 46 %-ға (3 225 млн. теңгеге) артты.

### 39. Эмитенттің соңғы екі жылдағы кірістері мен шығыстарының құрылымы.

<i>АТАУЫ</i>	<i>01.11. 2004</i>	<i>2003</i>	<i>2002</i>
I. Сыйақы алуға байланысты табыс	10 042 479	6 897 332	4 959 840
II. Сыйақы төлеуге байланысты шығын	5 316 709	3 259 260	2 452 651
III. Қарыздар бойынша туындауы мүмкін залалдың орнын толтыруға арналған резерв құрғанға дейін сыйақы төлеуге байланысты таза табыс	4 725 770	3 638 072	2 507 189
Қарыздар бойынша туындауы мүмкін залалдың орнын толтыруға арналған арналған резервтер/(резервтерді қалпына келтіру)	2 075 699	1 434 198	1 037 084
IV. Сыйақы алуға байланысты таза табыс (залал)	2 650 071	2 203 874	1 470 105
V. Сыйақы алуға байланысы жоқ таза табыс (залал)	3 308 753	3 175 986	7 057 262
VI. Басқа операциялар бойынша резерв құрғанға дейінгі және салық төлегенге дейінгі пайда (залал)	2 232 066	1 328 762	609 378
VII. Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)	2 174 120	1 386 337	666 468
VIII. Азшылықтың үлесіне дейінгі таза пайда (залал)	1 875 453	1 265 261	645 733
<b>IX. Барлық таза пайда (залал)</b>	<b>1 875 453</b>	<b>1 293 901</b>	<b>645 831</b>

### 40. Қаржылық коэффициенттер.

"Банк ЦентрКредит" АҚ пруденциалдық нормативтері

<i>КӨРСЕТКІШ</i>		<i>01.11.2004</i>	<i>01.01.2004</i>	<i>01.01.2003</i>
$K1 = (K1 - KI) / A$	0,06 кем емес	0,062	0,07	0,066
$K2 = K / At - Пар$	0,12 кем емес	0,125	0,15	0,137
$K3$	25% артық емес	19,0	21,2	24
$K3_{нк}$	10% артық емес	6,0	2	1,9
$K4 = A_{орт.} / M_{орт.}$	0,3 кем емес	1,04	0,8	0,51
$K5 = A_{кыска} / M_{кыска}$	0,5 кем емес	1,00	0,83	0,59

К6 = И/К	0,5 кем емес	0,22	0,2	0,23
----------	--------------	------	-----	------

### **Кoeffициенттер**

<i>Көрсеткіштердің атаулары</i>	<i>01.11.2004</i>	<i>01.01.2004</i>	<i>01.01.2003</i>
Клиенттердің депозиттері / Активтер	61,03%	58,16%	69,10%
Клиенттерге берілген несие / Активтер	63,49%	63,57%	69,04%
Меншік капитал/ Клиенттердің депозиттері	12,84%	15,62%	11,80%
Өтімді активтер / Активтер	26,10%	22,48%	22,55%
Активтер / Капитал	12,76%	11,01%	12,26
Активтердің табыстылығы (ROA)	1,57%	1,49%	1,40%
Меншік капиталдың табыстылығы (ROE)	20,06%	16,36%	16,32%

## **VI. Бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер**

### **41. Эмиссиялық бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымдары.**

Банктің бағалы қағаздары “Қазақстан Қор Биржасы” АҚ-ның “А” санатының ресми тізіміне енгізілген. Банктің бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында орналастырылған.

#### **3) Шығарылған облигациялар туралы мәліметтер**

Шығарылған облигациялар - Банктің реттелген қарызы .

#### **Алғашқы шығарылым:**

*Шығарылған облигациялардың түрі – атаулы, купондық;*

*Облигациялардың жалпы саны – 45 000 (қырық бес мың) дана;*

*Бір облигацияның атаулы құны – 100 (жүз) АҚШ доллары;*

*Орналастыру барысында тартылған ақшаның жалпы сомасы – 4 500 000 АҚШ доллары;*

*Айналым басталған күн – 16 желтоқсан 2000 ж.;*

*Шығарылымды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер – Ұлттық Комиссияның 2000 жылы 12 желтоқсанда берілген №02-2-5/8573 куәліктің орнына 2001 жылғы 27 ақпанда берілген бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы №02-2-22/1348 куәлік.*

*Өтеу күні – 17 желтоқсан 2005ж.;*

*Пайыздық ставка мөлшері – жылына 12%;*

*Төлемдердің жалпы көлемі - 279 369 100,55 теңге*

#### **Екінші шығарылым:**

*Шығарылатын облигациялардың түрі – атаулы; купондық, АҚШ долларының бағамына индекстелген;*

*Облигациялардың жалпы саны -100 000 (жүз мың) дана;*

*Бір облигацияның атаулы құны – 15 000 (он бес мың) теңге;*

*Орналастыру барысында тартылған ақшаның жалпы сомасы – 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге;*

*Айналым басталған күн – 1 сәуір 2002ж.;*

*Шығарылымның мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2002 жылғы 21 наурызда берген бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы № А50 куәлік;*

*өтеу күні – 1 сәуір 2009ж.;*

*пайыздық ставка мөлшері – жылына облигациялардың индексацияланған атаулы құнының 10%-ы;*

төлемдердің жалпы көлемі - 283 826 788.78 теңге

### **Үшінші шығарылым**

Шығарылған облигациялардың түрі – атаулы, купондық, инфляцияға индекстелген;

Облигациялардың жалпы саны - 2 000 000 000 (екі миллиард) дана;

Бір облигацияның атаулы құны – 1 (бір) теңге;

Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі – 2 000 000 000 (екі миллиард) теңге;

Айналым басталған күн – 7 маусым 2003ж.;

Шығарылымның мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2003 жылғы 27 мамырда берген бағалы қағаздардың мемлекеттік тіркеу туралы № А75 куәлік;

өтеу күні – 7 маусым 2010ж.;

пайыздық ставка мөлшері – инфляция деңгейіне тәуелді купондық сыйақының айнымалы ставкасы. Облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшері (пайызбен) төмендегі жолмен есептеледі:  $r=I+6\%$ , мұндағы:  $i$  – Қазақстан Республикасының статистикалық агенттігінің деректері бойынша, ставка белгіленетін немесе ол қайта қаралатын айдың алдындағы соңғы 12 айдағы инфляция индексі. Айналымдағы алғашқы 6 айға төленетін сыйақы ставкасы жоғарыда келтірілген формула бойынша айналым басталған күнге есептеледі;

төлемдердің жалпы көлемі – 253 853 412,90 теңге

### **Төртінші шығарылым**

Шығарылған облигациялардың түрі – атаулы, купондық;

Облигациялардың жалпы саны - 2 000 000 000 (екі миллиард) дана;

Бір облигацияның атаулы құны – 1 (бір) теңге;

Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі – 2 000 000 000 (екі миллиард) теңге;

Айналым басталған күн – 24 қыркүйек 2003ж.;

Шығарылымның мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2003 жылғы --- қыркүйекте берген бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу туралы № куәлік;

өтеу күні – 24 қыркүйек 2011ж.;

пайыздық ставка мөлшері – облигациялар айналымының бірінші жылына сыйақы ставкасы - облигациялардың номиналды құнының 9 % (тоғыз пайызы). Екінші айналымнан бастап купон ставкасы инфляция деңгейіне байланысты өзгеріп отырады. Бұл ставка Басқарама Шешімімен қайта қаралып, әр 6 (алты) ай сайын бекітуден өтеді. Облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшері төмендегі жолмен есептеледі:  $r=I+m \%$ , мұндағы:  $i$  – Қазақстан Республикасының статистикалық агенттігінің деректері бойынша кезекті купондық сыйақыны төлеу күнінен 2(екі) ай бұрынғы тұтыну бағаларының индексінің өсімі/ кемюі ретінде есептелетін инфляция (пайызбен есептелетін индекс мәні минус 100 %);  $m$ - жылдық 2,5% мөлшеріндегі тұрақты маржа.

Мәннің жоғарғы шегі 12 % (он екі пайыз), төменгі шегі – 4% (төрт пайыз) деңгейінде белгіленеді;

Сыйақының жаңа ставкасы жаңа купондық мерзімнің басталуына кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні қалғанда жарияланады. Банк осы ақпаратты облигация Ұстаушыларға «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ-ның сайтында орналастыру арқылы жеткізеді.

Төлемдердің жалпы көлемі – 0 теңге

### **Бесінші шығарылым**

Шығарылған облигациялардың түрі – атаулы, купондық; қамсыздандырылған

Облигациялардың жалпы саны – 500 000 000 (бес жүз миллион) дана;

Бір облигацияның атаулы құны – 1 (бір) теңге;

Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі – 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге;

Айналым басталған күн – 24 қыркүйек 2004ж.;

Шығарылымның мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2003 жылғы --- қыркүйекте берген бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу туралы № куәлік;

өтеу күні – 24 қыркүйек 2007ж.;

пайыздық ставка мөлшері – облигациялардың номиналды құнының жылдық 8,5 % (сегіз жарым пайызы).

Төлемдердің жалпы көлемі – 0 теңге

**Облигация ұстаушылар төмендегі құқықтарға ие болады:**

- Шығарылым шарттарына сәйкес облигацияларды өтеген кезде өздеріне тиесілі облигациялардың атаулы құнын алу құқығы;
- Шығарылым шарттарына сәйкес облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
- Шығарылым шарттары және Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес өздеріне тиесілі облигацияларды еркін басқару құқығы;
- Жазбаша сұраныс беру арқылы Банк туралы қажетті ақпаратты алу құқығы;
- Шығарылым шарттары және Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

**2) Шығарылған акциялар туралы мәліметтер**

Баптың атауы	Бірінші шығарылым	Екінші шығарылым	Үшінші шығарылым	Төртінші шығарылым
Бағалы қағаздардың түрі	қарапайым атаулы акциялар	қарапайым атаулы акциялар	қарапайым атаулы акциялар	қарапайым атаулы акциялар
Эмиссиялар құрылымы: а) жалпы саны, б) бір акцияның атаулы құны	5 316 695 дана. 200 теңге	5 000 000 дана. 200 теңге	5 000 000 дана. 200 теңге	20 000 000 дана. 200 теңге
Акцияларды орналастыру барысында тартылған қаражаттың жалпы көлемі	1 063 339 000	1 000 000 000	1 000 000 000	2 000 000 000
Шығарылымның мемлекеттік тіркелу күні	27 қазан 1998 ж.	15 ақпан 2000 ж.	23 қараша 2001 ж.	17 қаңтар 2003ж.
Мемлекеттік тіркеу нөмірі	A3628	A3628-1	A3628-2	A3628-3
Акциялардың шығарылымын тіркеген мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы	Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі	Қазақстан Республикасының қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі
Орналастыру аяқталған күн	27 сәуір 1999 ж.	12 шілде 2001 ж.	29 қазан 2002ж.	
Дивиденд мөлшері	108 080 мың теңге, 1999 ж. бір акцияға шаққанда 20 теңге	166 805 мың теңге, 2000 ж. бір акцияға шаққанда 20 теңге	дивиденд төленбеді	дивиденд төленбеді
Орналастыру нәтижелері туралы есеп бекітілген күн	2 шілде 1999 ж.	22 қазан 2001 ж.	29 қараша 2002ж.	28 қаңтар 2004г.



Банк акцияларының төртінші шығарылымына 2004 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі тіркеген өзгерістер енгізілген.

